

## Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі жетілдірудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 тамыздағы № 900 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 26 шілдедегі № 129 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (бұдан әрі - Комитет) болып қайта аталсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.02 № 1003 (2011.08.03 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.09.02 № 1003 (2011.08.03 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарамағындағы ұйымдар Комитеттің қарамағына берілсін.

4. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.09.02 № 1003 (2011.08.03 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің академиясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің академиясы" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

6. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

7. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.09.02 № 1003 (2011.08.03 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындаитын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.02 № 1003 (2011.08.03 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен**

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Үкіметінің  
2011 жылғы 2 тамыздағы  
№ 900 қаулысына  
1-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелерінің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.09.02 № 1003 (2011.08.03  
бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 2 тамыздағы  
№ 900 қаулысына  
2-қосымша

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің таратылатын мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелерінің тізбесі

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.09.02 № 1003 (2011.08.03  
бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 2 тамыздағы  
№ 900 қаулысына  
3-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарамағына берілетін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

### 1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. Түзеу мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
2. Түзеу мекемелерінің "Еңбек-Өскемен" республикалық мемлекеттік кәсіпорны
3. Түзеу мекемелерінің "Еңбек-Қарағанды" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

### 2. Мемлекеттік мекемелер

1. Павлодар заң колledge
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің академиясы
3. Оқу орталығы

4. ЕЦ-166/4 мекемесі
5. ЕЦ-166/5 мекемесі
6. ЕЦ-166/10 мекемесі
7. ЕЦ-166/11 мекемесі
8. ЕЦ-166/18 мекемесі
9. ЕЦ-166/22 мекемесі
10. ЕЦ-166/24 мекемесі
11. ЕЦ-166/25 мекемесі
12. ЕЦ-166/26 мекемесі
13. КА-168/2 мекемесі
14. КА-168/3 мекемесі
15. КА-168/4 мекемесі
16. КА-168/5 мекемесі
17. ЛА-155/4 мекемесі
18. ЛА-155/6 мекемесі
19. ЛА-155/12 мекемесі
20. ЛА-155/13 мекемесі
21. ЛА-155/14 мекемесі
22. УГ-157/9 мекемесі
23. УГ-157/10 мекемесі
24. ОВ-156/2 мекемесі
25. ОВ-156/3 мекемесі
26. ОВ-156/6 мекемесі
27. ОВ-156/13 мекемесі
28. ОВ-156/14 мекемесі
29. ОВ-156/15 мекемесі
30. ОВ-156/16 мекемесі
31. ОВ-156/17 мекемесі
32. ОВ-156/18 мекемесі
33. ОВ-156/20 мекемесі
34. ОВ-156/21 мекемесі
35. ОВ-156/22 мекемесі
36. ЖД-158/2 мекемесі
37. ЖД-158/5 мекемесі
38. РУ-170/2 мекемесі
39. РУ-170/3 мекемесі
40. АК-159/5 мекемесі
41. АК-159/6 мекемесі
42. АК-159/7 мекемесі

- 43. АК-159/9 мекемесі
- 44. АК-159/11 мекемесі
- 45. АК-159/17 мекемесі
- 46. АК-159/18 мекемесі
- 47. АК-159/20 мекемесі
- 48. АК-159/21 мекемесі
- 49. АК-159/22 мекемесі
- 50. ЗК-169/4 мекемесі
- 51. УК-161/2 мекемесі
- 52. УК-161/3 мекемесі
- 53. УК-161/4 мекемесі
- 54. УК-161/11 мекемесі
- 55. УК-161/12 мекемесі
- 56. ГМ-172/1 мекемесі
- 57. ГМ-172/6 мекемесі
- 58. ГМ-172/8 мекемесі
- 59. АП-162/2 мекемесі
- 60. АП-162/3 мекемесі
- 61. АП-162/4 мекемесі
- 62. АП-162/5 мекемесі
- 63. АП-162/10 мекемесі
- 64. ЕС-164/3 мекемесі
- 65. ЕС-164/4 мекемесі
- 66. ЕС-164/6 мекемесі
- 67. ЕС-164/8 мекемесі
- 68. ЕС-164/9 мекемесі
- 69. ИЧ-167/2 мекемесі
- 70. ИЧ-167/3 мекемесі
- 71. ИЧ-167/9 мекемесі
- 72. ИЧ-167/10 мекемесі
- 73. ЛА-155/8 мекемесі
- 74. ЖД-158/4 мекемесі
- 75. ЖД-158/7 мекемесі
- 76. ЗК-169/5 мекемесі
- 77. АК-159/1 мекемесі
- 78. АК-159/24 мекемесі
- 79. АП-162/1 мекемесі
- 80. ЕЦ-166/1 мекемесі
- 81. ЕЦ-166/23 мекемесі

82. ЕС-164/1 мекемесі
83. ЖД-158/1 мекемесі
84. ЗК-169/1 мекемесі
85. ИЧ-167/11 мекемесі
86. КА-168/1 мекемесі
87. ЛА-155/1 мекемесі
88. ЛА-155/16 мекемесі
89. ЛА-155/18 мекемесі
90. ОВ-156/1 мекемесі
91. ОВ-156/19 мекемесі
92. РУ-170/1 мекемесі
93. УГ-157/1 мекемесі
94. УК-161/1 мекемесі
95. ГМ-172/10 мекемесі
96. ИЧ-167/4 мекемесі
97. УГ-157/11 мекемесі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 2 тамыздағы  
№ 900 қаулысына  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 22 маусымдағы  
№ 607 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі  
комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелерінің және оның  
қарамағындағы ұйымдардың  
тізбесі**

**1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі  
комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің  
тізбесі**

1. Ақмола облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
2. Ақтөбе облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
3. Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі  
департаменті
4. Атырау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
5. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті

6. Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
  7. Батыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
  8. Қарағанды облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
  9. Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
  10. Қостанай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
  11. Маңғыстау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
  12. Павлодар облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
  13. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
  14. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
  15. Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
16. Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Күзет және қадағалау бөлімі

## **2. Мемлекеттік мекемелер**

1. Павлодар заң колледжі
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің академиясы
3. Оқу орталығы
4. ЕЦ-166/4 мекемесі
5. ЕЦ-166/5 мекемесі
6. ЕЦ-166/10 мекемесі
7. ЕЦ-166/11 мекемесі
8. ЕЦ-166/18 мекемесі
9. ЕЦ-166/22 мекемесі
10. ЕЦ-166/24 мекемесі
11. ЕЦ-166/25 мекемесі
12. ЕЦ-166/26 мекемесі
13. КА-168/2 мекемесі
14. КА-168/3 мекемесі
15. КА-168/4 мекемесі
16. КА-168/5 мекемесі
17. ЛА-155/4 мекемесі
18. ЛА-155/6 мекемесі
19. ЛА-155/12 мекемесі
20. ЛА-155/13 мекемесі
21. ЛА-155/14 мекемесі
22. УГ-157/9 мекемесі
23. УГ-157/10 мекемесі

24. ОВ-156/2 мекемесі
25. ОВ-156/3 мекемесі
26. ОВ-156/6 мекемесі
27. ОВ-156/13 мекемесі
28. ОВ-156/14 мекемесі
29. ОВ-156/15 мекемесі
30. ОВ-156/16 мекемесі
31. ОВ-156/17 мекемесі
32. ОВ-156/18 мекемесі
33. ОВ-156/20 мекемесі
34. ОВ-156/21 мекемесі
35. ОВ-156/22 мекемесі
36. ЖД-158/2 мекемесі
37. ЖД-158/5 мекемесі
38. РУ-170/2 мекемесі
39. РУ-170/3 мекемесі
40. АК-159/5 мекемесі
41. АК-159/6 мекемесі
42. АК-159/7 мекемесі
43. АК-159/9 мекемесі
44. АК-159/11 мекемесі
45. АК-159/17 мекемесі
46. АК-159/18 мекемесі
47. АК-159/20 мекемесі
48. АК-159/21 мекемесі
49. АК-159/22 мекемесі
50. 3К-169/4 мекемесі
51. УК-161/2 мекемесі
52. УК-161/3 мекемесі
53. УК-161/4 мекемесі
54. УК-161/11 мекемесі
55. УК-161/12 мекемесі
56. ГМ-172/1 мекемесі
57. ГМ-172/6 мекемесі
58. ГМ-172/8 мекемесі
59. АП-162/2 мекемесі
60. АП-162/3 мекемесі
61. АП-162/4 мекемесі
62. АП-162/5 мекемесі

- 63. АП-162/10 мекемесі
- 64. ЕС-164/3 мекемесі
- 65. ЕС-164/4 мекемесі
- 66. ЕС-164/6 мекемесі
- 67. ЕС-164/8 мекемесі
- 68. ЕС-164/9 мекемесі
- 69. ИЧ-167/2 мекемесі
- 70. ИЧ-167/3 мекемесі
- 71. ИЧ-167/9 мекемесі
- 72. ИЧ-167/10 мекемесі
- 73. ЛА-155/8 мекемесі
- 74. ЖД-158/4 мекемесі
- 75. ЖД-158/7 мекемесі
- 76. ЗК-169/5 мекемесі
- 77. АК-159/1 мекемесі
- 78. АК-159/24 мекемесі
- 79. АП-162/1 мекемесі
- 80. ЕЦ-166/1 мекемесі
- 81. ЕЦ-166/23 мекемесі
- 82. ЕС-164/1 мекемесі
- 83. ЖД-158/1 мекемесі
- 84. ЗК-169/1 мекемесі
- 85. ИЧ-167/11 мекемесі
- 86. КА-168/1 мекемесі
- 87. ЛА-155/1 мекемесі
- 88. ЛА-155/16 мекемесі
- 89. ЛА-155/18 мекемесі
- 90. ОВ-156/1 мекемесі
- 91. ОВ-156/19 мекемесі
- 92. РУ-170/1 мекемесі
- 93. УГ-157/1 мекемесі
- 94. УК-161/1 мекемесі
- 95. ГМ-172/10 мекемесі
- 96. ИЧ-167/4 мекемесі
- 97. УГ-157/11 мекемесі

### **3. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар**

1. Түзөу мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
2. Түзөу мекемелерінің "Еңбек-Өскемен" республикалық мемлекеттік кәсіпорны
3. Түзөу мекемелерінің "Еңбек-Қарағанды" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы 2 тамыздағы

№ 900 қаулысымен

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.
2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.10.2014 № 1144 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.10.2019 № 798 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
4. "Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат):

4-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда және қалалардағы аудандарда аумақтық органдары және ведомстволары бар: Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті, Зияткерлік меншік құқығы комитеті";

13-тармакта:

6), 9) және 11) тармақшалар алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) заңға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді жүзеге асыру; "

14-тармақтың бір жүз елуінші, бір жүз елу бірінші, бір жүз елу екінші, бір жүз елу үшінші, бір жүз елу төртінші, бір жүз елу бесінші, бір жүз елу алтыншы, бір жүз елу жетінші, бір жүз елу сегізінші, бір жүз елу тоғызыншы, бір жүз алпысыншы, бір жүз алпыс бірінші, бір жүз алпыс екінші, бір жүз алпыс үшінші, бір жүз алпыс төртінші, бір жүз алпыс бесінші, бір жүз алпыс алтыншы, бір жүз алпыс жетінші, бір жүз алпыс сегізінші, бір жүз алпыс тоғызыншы, бір жүз жетпісінші абзацтары алып тасталсын.

5. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат):

1-тармақта:

3) тармақшадағы "тізбесі бекітілсін." деген сөздер "тізбесі;" деген сөзбелі ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелерінің және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.>";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда, қалалардағы аудандарда және көліктегі аумақтық органдары, сондай-ақ Ішкі әскерлер комитеті, Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті, Тергеу комитеті, Криминалдық полиция комитеті, Әкімшілік полиция комитеті, Көші-қон полициясы комитеті, Жол полициясы комитеті және Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті ведомстволары бар.>";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Министрліктің негізгі міндеттері қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, қылмысқа және есірткі бизнесіне қарсы күрес, есірткі мен қару-жарақ айналымын бақылауды қамтамасыз ету, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен занды мұдделерін қорғау, мемлекеттік саясатты қалыптастыру және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ халықтың көші-қоны саласындағы, сондай-ақ босқындардың мәселелері бойынша мемлекеттік басқару, қылмыстық жазаларды орындау, қылмыстық-атқару жүйесіндегі құқықтық тәртіп пен зандылықты қамтамасыз ету, сотталғандардың түзелуін ұйымдастыру, күдіктілердің, айыпталушылар мен сотталғандардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз ету, ішкі істер органдарының құзыретіне жататын қылмыстар туралы істер және заңға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу бойынша анықтауды жүзеге асыру болып табылады.>";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Министрлік қолданыстағы заңнамаға және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуі қамтамасыз етеді;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауды және қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған шаралар әзірлейді;

3) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік бағдарламалар әзірлейді;

4) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне, мемлекеттік органдарға республикадағы қылмысқа қарсы күрестің, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жай-қүйі туралы ақпарат береді;

5) мемлекеттік органдарды және өзге ұйымдардың қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымы мен олардың теріс пайдаланылуына қарсы күрес, құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау және жою мәселелері жөніндегі қызметтің, сондай-ақ есірткі құралдарын заңсыз тасымалдау арналарына тосқауыл қою, жол қозғалысы қауіпсіздігін, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алушы қамтамасыз ету жөніндегі басқа да іс-шараларды ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

6) халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайды;

7) қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында және ішкі істер органдарының қарамағына жатқызылған өзге де мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

8) ішкі істер органдарының жүйесінде бірынғай мемлекеттік кадрлық саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

9) криминалдық, әкімшілік полиция және ішкі істер, Ішкі әскерлер, әскери-тергеу органдары, әскери, арнайы полиция органдарының өзге де қызметтерінің және көліктегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

10) криминалдық, әкімшілік полицияның және полицияның өзге қызметтерінің, сондай-ақ Ішкі әскерлер, әскери полиция және әскери-тергеу органдарының, арнайы полиция, көліктегі ішкі істер органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды ;

11) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің, Ішкі әскерлерінің, әскери полициясының, әскери-тергеу органдарының қызметін үйлестіру мен ведомствоаралық бақылауды жүзеге асырады;

12) өз құзыреті шегіндегі мәселелер бойынша жалпыреспубликалық және өнірлік жедел-іздестіру және алдын алу іс-шараларын өткізу бойынша ұйымдастыру басшылығын жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше және әскери жағдай енгізілген жағдайда, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде режимді қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

14) авария, өрт, табиғи апат салдарын жою кезінде және басқа да төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

15) ішкі істер органдарында мемлекеттік құпияларды қорғауды, қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы қарес саласында құпиялық режимнің сақталуын ведомстволық бақылауды қамтамасыз етеді;

16) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар әзірлейді және бекітеді;

17) ішкі істер органдарының жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

18) режимдік және ерекше күзетілетін объектілерде полиция органдары бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз етеді;

19) азаматтарды бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тарту тәртібін, нысандарын және түрлерін айқындайды;

20) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар үшін қуәлік үлгісі мен әмблема белгісін бекітеді;

21) көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу мен есепке алу тәртібін, оларды пайдаланатын, соның ішінде сенімхатпен пайдаланатын адамдарды тіркеу және есепке алу, басқару құқығына емтихан қабылдау мен қуәлік беру тәртібін айқындайды, көлік құралдарының жекелеген түрлерінің жол қозғалысына қатысуына рұқсат беруді жүргізеді және оларды басқару құқығын ұсынады;

22) мемлекеттік тіркеу нөмірлері белгілерінің, көлік құралдары мен тіркемелерді тіркеу туралы қуәліктердің, жүргізуши қуәліктерінің және көлік құралдары мен жүргізушилерге жол қозғалысына қатысуға рұқсат беруге қажетті басқа да арнайы өнім үлгілерін бекітеді;

23) көлік құралдарын жүргізушилерді даярлау тәртібін айқындайды;

24) Министрлік жүйесінің өзіндік қауіпсіздігін, ішкі істер органдарында сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимылды, олардың қызметінде зандалықты сақтауды қамтамасыз етеді;

25) ішкі істер органдарының және Ішкі әскерлердің арнайы мақсаттағы бөлімшелеріне басшылықты жүзеге асырады;

26) арнайы және әскери тасымалдауларды ұйымдастырады;

27) ішкі істер органдарының жұмылдыру даярлығы, бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған жағдайда олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдарының арнаулы бөлімшелерінің толық және уақтылы жұмылдыруға үдайы дайындығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлейді;

28) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы қарес саласында республикалық ақпараттық жүйені құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

29) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органдарына нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмекті және көмек көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдікті қамтамасыз етуді ұйымдастыруда жәрдем көрсетеді;

30) өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымы мен олардың теріс пайдаланылуына қарсы күрес саласындағы жұмысқа арналған мамандарды, сондай-ақ есірткі құралдары мен психотроптық заттарды тұтынатын және тұтынуға әуес адамдарды профилактикалауды, емдеуді, әлеуметтік оңалтуды ұйымдастыру саласындағы мамандарды оқытуды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және үйлестіреді;

31) Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің Қазақстан Республикасы үшін халықаралық квоталар бекітуі үшін Қазақстан Республикасының есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға қажеттілік нормалары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар береді;

32) аумақтық ішкі істер, Ішкі әскерлер органдары басшыларының және ұйым басшыларының кәсіби құзыretін аттестаттауды өткізеді;

33) ішкі істер органдарының жүйесі үшін кадр даярлауды және оқытуды ұйымдастырады;

34) лауазымдар санаты бойынша үлгі біліктілік талаптарын, ішкі істер органдары қызметкерлері мен қызметшілерінің жүктеме көлемінің нормативтерін бекітеді және олардың деңгейін айқындайды;

35) қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласында ведомствоның ғылымды дамытуды қамтамасыз етеді және ғылыми қызметті үйлестіреді;

36) ішкі істер органдарында іс қағаздарының бірынғай мемлекеттік жүйесінің қолданылуын қамтамасыз етеді;

37) ішкі істер органдарының қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етілуін, сондай-ақ олардың жарақталуын ұйымдастырады;

38) министрліктің соттағы, өзге де мемлекеттік органдардағы мұдделерін қорғауды және осы жұмысты жергілікті жерлерде үйлестіруді қамтамасыз етеді;

39) қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстарды болдырмау, жолын кесу және ашу, алдын ала тергеу мен анықтауды жүзеге асыру, көші-қон заңнамасын сақтау, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы, сондай-ақ олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілер бойынша күзет қызметін жүзеге асыру, арнайы мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтары мен

занды мұдделерінің сақталуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

40) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бағдарламаларды іске асырады, сондай-ақ нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес стратегиялары мен бағдарламаларын іске асырады;

41) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды, қылмысқа қарсы қресті, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алуды жетілдіруге бағытталған, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл бойынша шараларды әзірлейді;

42) пана іздеген адамдардың және босқындардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;

43) пана іздеген адамдарды және босқындарды тіркеуді жүзеге асырады;

44) жедел іздестіру және криминалистикалық қызметті жүзеге асырады;

45) ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстар бойынша алдын ала тергеу мен анықтауды жүзеге асырады;

46) құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу жөніндегі профилактикалық қызметті жүзеге асырады;

47) өз құзыретінің шегінде қылмыстарды анықтауды, болдырмауды, жолын кесуді, алдын алуды және ашуды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

48) қылмыстарды ашу және қылмыскерлер мен олардың байланыстарын айқындау үшін ақпараттық-талдамалық қызметті пайдаланады;

49) қылмыс жасаган, анықтау, тергеу немесе сот органдарынан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаларын өтеуден, әскери қызметке шақырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды, борышкерлерді және өзге де адамдарды іздестіруді, танылмаған мәйттерді сәйкестендіруді жүзеге асырады;

50) өз құзыретінің шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуінде жүзеге асырады;

51) заңнамаға сәйкес лицензиялар мен арнайы рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

52) лицензиаттардың қызметіне, оның ішінде олардың қойылатын біліктілік талаптарына сай келуіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

53) сот ұйғарымдарын, сот қаулыларын, іздестіру, тергеу ісін жүргізу және заңда көзделген өзге де процессуалдық әрекет кезінде прокурордың, тергеушінің және анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындауды;

54) жаппай тәртіпсіздіктердің, оның ішінде түзеу мекемелерінде жолын кесуге қатысады;

55) арнайы есептерді қалыптастырады, жүргізеді;

56) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымына, сондай-ақ олардың теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылға қатысты мәселелер бойынша бірыңғай деректер банкін қалыптастырады;

57) азаматтарды қабылдауды, азаматтардың, лауазымды адамдардың ауызша және жазбаша өтініштерін уақтылы және толық қарауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;

58) ішкі істер органдарында есепте тұрған тұлғалардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады;

59) қамаудағылар мен сотталғандарды айдауылдау мен күзетуді бақылауды жүзеге асырады;

60) ішкі істер органдары мен бөлімшелеріне бағыныстағылардың іс-әрекетін бақылауды жүзеге асырады;

61) заңнамада белгіленген тәртіппен қылмыс жасаған адамдарды ұстau бойынша жедел-іздестіру және қоршамалы іс-шаралар, операциялар жүргізеді, сондай-ақ оларды өзге де құқық қорғau және арнайы мемлекеттік органдарының жүргізуіне және жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді;

62) қылмыс жасағаны немесе құдіктілігі бойынша ұсталғандар мен тұтқындалғандарды, белгілі тұрғылықты жері мен құжаттары жоқ адамдарды ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұстауды, құдіктілер мен айыптыларды айдауылдауды, қылмыстық (әкімшілік) процесті жүргізуі органдардың оларға қатысты қаулыларының, ұйғарымдарының және үкімдерінің атқарылуын үйімдастырады;

63) халықты құқықтық тәрбиелеу жөніндегі шараларды іске асырады, құқықтық тәртіп пен ішкі істер органдары қызметінің жай-күйі туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

64) Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыруды, сәйкестендіру нөмірлері бар жеке куәліктері мен паспорттар дайындауды және беруді, азаматтарды есепке алу мен тіркеуді Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады;

65) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және азаматтықтан шығу бойынша материалдарды қарайды, оларды тіркеуді жүзеге асырады;

66) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтарының тұрақты тұру үшін шетелге шығуын, шетелдік азаматтарға виза беруді ресімдеуді жүзеге асырады;

67) қорғалуы халықаралық шарттарға сәйкес мемлекетке жүктелген объектілердің күзетілуін қамтамасыз етеді;

68) режимдік, ерекше күзетілетін объектілерді және мемлекеттік күзетуге жататын объектілердің күзетілуін қамтамасыз етуді үйімдастырады;

69) тұрақты тұрмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекара аймағына кіруге құқығы бар құжаттарды ресімдейді;

70) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп, шекаралық режим ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

71) Қазақстан Республикасының шекаралық аудандарындағы құқықтық тәртіп жағдайы, тұрғылықты жерлерін белгісіз жағдайда тастап кеткен адамдар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне қатысты заңға қайшы ниеті бар қылмыстық топтар мен адамдар туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабарлайды;

72) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мен оның режимін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде режимді бұзған адамдарды іздестіруге, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында азаматтармен жасалған құқық бұзушылықтың жағдайларын анықтауға және тексеруге көмек көрсетеді;

73) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынысы бойынша шекара аймағында (жолағында) орналасқан жерлердің немесе объектілердің жекелеген участкеріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, шекараны бұзушыларды шекаралық іздеу, қарулы шабуылға тосқауыл жасауда немесе Қазақстан Республикасының аумағына шекаралас мемлекет азаматтарының жаппай өту кезінде Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, оның ішінде босқындарға уақытша шектеу қояды немесе кіруге тыйым салады;

74) азаматтар мен лауазымды адамдар, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар үшін белгіленген Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету, болу және ол арқылы транзиттік өту ережелерін олардың сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

75) заңды тұлғалардың қызметін, оның ішінде шетелдік жұмыс күшін тарту ережесін сақтауды, елімізде шетелдіктердің болуына виза беру бөлігінде бақылауды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың шет елдерге шығуын шектеу және шетелдіктерді тұрақты тұруға қалдыру туралы шешімдер қабылдайды;

76) пана іздеген адамдарды және босқындарды уәкілетті органның қабылданған шешімдерін не соттың заңды күшіне енген шешімдерін орындау үшін мәжбүрлеп шығарып жіберуді жүзеге асырады;

77) ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде режимдік талаптардың сақталуын бақылауды ұйымдастырады;

78) азаматтық және қызметтік қару мен оның оқ-дәрілері айналымын бақылауды жүзеге асырады;

79) занды тұлғаларға түрлі-түсті көбейту-көшіру техникасын, жарылғыш, күшті əсер ететін улы заттарды сатып алуға, сақтауға, әкелуге, әкетуге; азаматтық және қызметтік қаруларды және оның оқтарын, азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге; есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласында объектілер мен үй-жайларды пайдалануға; ату тирлері мен стендтерін, штемпельді-граверлік кәсіпорындарды ашу мен олардың жұмыс істеуіне, ал жеке тұлғаларға азаматтық қару және оның оқтарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүргуге, әкелуге, әкетуге рұқсат беруді жүзеге асырады;

80) карантиндік, санитарлық және экологиялық іс-шараларды, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде өткізуге қатысады;

81) денсаулық сақтау мекемелеріне олардың ұсыныстары бойынша шақыруға келмейтін, маскүнемдікпен, нашақорлықпен, уытқұмарлықпен азап шегетін, жыныстық аурулармен немесе адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырғандардың келуін жүзеге асырады;

82) құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау және жою бойынша жұмысты, сондай-ақ есірткі құралдарын заңсыз тасымалдау арналарын жабу жөнінде басқа да іс-шаралар өткізеді;

83) нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы құресудің халықаралық тәжірибесін талдау мен қорытындылауды, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын, осы саладағы заңнаманың қолданылуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

84) есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды егу, өндіру, дайындау, сақтау, бөлшек, көтерме және халықаралық сатуды, бөлу, зерттеу тәртібін, оларды дайындау үшін шикізаттарды, материалдарды, сондай-ақ, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімдері мен жіктеуінде көрсетілген өсімдіктерді, заттарды препараттарды анықтайтын нормаларды әзірлейді;

85) Қазақстан Республикасында бақылауға алуға жататын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне және заңсыз айналымда табылған шағын, ірі және аса ірі көлемді есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың жиынтық кестесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ұсыныстар енгізеді;

86) құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің Қазақстан Республикасы үшін халықаралық квоталарды бекітуі үшін Қазақстан Республикасының есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға қажеттілік нормаларын анықтайды;

87) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың барлық түрлерінің ауқымын болжауды, олардың жаңа түрлерінің пайда болуын, олардың өндірілуі мен таратылуын болдырмау жөнінде шаралар әзірлейді;

88) Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалының жай-күйін және даму үрдісін, есірткілердің заңсыз айналымға түсетін өнірараптық көздер мен арналарын талдауды, олардың жолын кесу жөніндегі шараларды әзірлеуді, тиісті ақпараттық-талдамалық материалдарды дайындайды;

89) мемлекеттік органдармен бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын және олардың заңсыз айналымына және теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласында мемлекеттік саясат пен стратегияны әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

90) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл жасасу шараларын бақылауды жүзеге асырады;

91) іс жүзіндегілермен салыстырғанда аса тиімді, қауіпсіздігі төмен, есірткілік әсері әлсіз есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу және енгізу үдерісін бақылайды;

92) Ішкі әскерлердің жасақталуын жоспарлайды және ұйымдастырады;

93) төтенше жағдайдағы құқықтық режимін қамтамасыз ету және төтенше оқиғалардың салдарларын жою үшін, сондай-ақ заңсыз қарулы құралымдарға қарсы қүрес, жанжал аудандарын оқшаулау және тосқауыл қою, аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, террористік актілердің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу, тайталасуши тараптарды ажырату үшін Ішкі әскерлерді тарту туралы шешімдерді орындайды, заңсыз қарулы құралымдарды қарузыздандыру және жою, жанжал ауданында халықтан қаруды алыш қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сактауды күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

94) Ішкі әскерлер кадрларын іріктеу, бөлу, оларды республика аумағында орналасқан жоғары оқу орындарында, сондай-ақ шартты негізде басқа мемлекеттердің әскери оқу орындарында оқыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

95) медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады және құрылымдардың, Ішкі әскерлер әскери бөлімшелерінің және әскери-оқу орындарының орналасқан жерлеріндегі санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қадағалауды жүзеге асырады;

96) қылмыстық процеске қатысуышылардың және өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын, абырайын және мүлкін қорғауды қамтамасыз етеді;

97) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі сауалдарын орындауды;

98) жедел-іздестіру іс-шараларын өткізуге құқығы бар ішкі істер органдарының бөлімшелері мен қызметкерлерін бақылауды жүзеге асырады;

99) жедел-іздестіру іс-шаралары мен арнайы операциялардың өткізілуін бақылауды жүзеге асырады;

100) әскери-тергеу органдарының қызметін бақылауды жүзеге асырады;

101) қылмыстық және басқа да процестерге қатысушылардың өмірін, денсаулығын,abyroйын, намысын және мүлкін қорғау үшін бақылауды жүзеге асырады;

102) профилактикалық іс-шараларды өткізу тәртібін әзірлейді және тұрғындарды жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптары мен ережелеріне оқытады;

103) жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар әзірлейді;

104) жеңіл, жүк автомобилдерін және автобустарды, олардың базасында дайындалған арнайы автомобилдерді, мотоциклдерді, мотороллерлерді, сондай-ақ автомобилдермен бірге қозғалуға арналған тіркемелерді, оның ішінде басқа мемлекеттерде тіркелгендерін және Қазақстан Республикасының аумағына екі айдан астам мерзімге әкелінгендерін қоса алғанда, мемлекеттік тіркеу және есепке алу тәртібін әзірлейді;

105) мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгілерінің, көлік құралдары мен тіркемелерді тіркеу туралы куәліктердің, жүргізуші куәліктерінің және көлік құралдары мен жүргізушилерге жол қозғалысына қатысуға рұқсат беруге қажетті басқа да арнайы өнім үлгілерін әзірлейді;

106) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген автомотокөлік құралдарын және олардың тіркемелерін, оның ішінде сенімхат және басқа да құжаттар бойынша пайдаланатын адамдарды тіркеу мен есепке алуудың тәртібін әзірлейді;

107) белгіленген тәртіппен көлік құралдарына ілесіп жүруді жүзеге асырады;

108) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық әзірлемелер үйымдастыруға қатысады;

109) автомобиль жолдарын, жол құрылыштарын, темір жол өтпелерін, қалалық электрлік көлік желілерін, сондай-ақ автомотокөлік техникасының жаңа үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысады;

110) жол қозғалысын реттеуді қамтамасыз етеді;

111) мұдделі мемлекеттік органдармен жол қозғалысы қауіпсіздігіне, көшелер мен жолдардың құрылышына және қайта жаңғыртуға, сондай-ақ жүргізушилерді дайындаудың көлік құралдары мен оқу бағдарламаларын құрастыруға қатысты ережелердің, нормативтер мен стандарттардың жобаларын келісуді, жол қозғалысына қатысуға автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелеріне және жүргізушилерге рұқсат беруге байланысты жұмыстарды жүргізеді;

112) мемлекеттік техникалық тексерудің уақтылы өткізілуін бақылауды, көлік құралдарын пайдаланатын, оның ішінде сенімхатпен жүрген тұлғаларды тіркеу мен

есепке алуды және көлік құралдарын, троллейбустар мен трамвайларды жүргізу құқығына емтихандар қабылдау мен қуәліктер беруді жүзеге асырады;

113) көлік құралдарының иелері мен тасымалдаушылардың заңнамада белгіленген азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға шарт жасасу жөніндегі міндеттерін көлік құралдарының иелері мен жолаушыларды тасымалдаушылардың орындауын бақылауды жүзеге асырады;

114) жол қозғалысы қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады және оны орындау үшін міндетті түрде нұсқамалар береді;

115) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, шетел азаматтарының келуін, болуын және кетуін бақылау жөніндегі "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесін экімшілендіреді;

116) Қазақстан Республикасында көші-қон процестерін талдайды және болжайды;

117) халықтың көші-қонын реттеу жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар әзірлейді;

118) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі бағдарламаны әзірлейді;

119) халықтың көші-қоны және босқындар мәселелері жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

120) оралмандардың көшіп келу квотасын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

121) оралман мәртебесін беру тәртібін анықтайды;

122) босқын мәртебесін беру туралы қолдаухатты тіркеу және қарау, баспана іздеген адам қуәлігінің үлгілерін және баспана іздеген адамды және босқынды тіркеу үшін ішкі істер органдарына жіберу тәртібін бекітеді;

123) өз құзыреті шегінде босқын деп танылған адамға шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат алуға жәрдемдеседі;

124) баспана іздеген адамға қуәлік береді;

125) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату рәсімін жүзеге асырады;

126) босқын қуәлігінің және жол журу құжатының үлгілерін бекітуді және оларды беруді жүзеге асырады;

127) пана іздеген адамдардың және босқындардың тізімін қалыптастыруды және ай сайын ұлттық қауіпсіздік органдарына жібереді;

128) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату рәсімдерін жүзеге асыру жөніндегі комиссия туралы ережені әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ аталған комиссияны құрады;

129) оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің уақытша орналастыру орталығында болу тәртібін айқынрайдай;

130) оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында болу және оларға бейімделу қызметтерін көрсетудің тәртібін, уақытын айқынрайдай;

131) халықтың көші-қоны туралы және босқындар мәселелері жөніндегі заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

132) көші-қон мәселелері жөніндегі бағдарламалар мен нормативтік құқықтық актілер өзірлейді;

133) келген оралмандар мен босқындарды тіrkейdі және есепке алады;

134) аумақтық органдардың босқын мәртебесін беруден бас тартуы туралы шағымдар жөніндегі шешімдер қабылдайды және оралмандардың көшіп келу квотасына енгізеді;

135) заңнамамен бекітілген жағдайларда кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындағайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін анықтайды, есебін жүргізеді және оларға қатысты жеке профилактикасы шаралары жүргізеді;

136) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындағайтын немесе тиісінше орындағайтын, не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерін, педагогтарды, тәрбиешілерді, оқытуды, тәрбиелеуді және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге де мекеменің басқа да қызметкерлерін анықтайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолданады;

137) кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды және оларға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

138) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберуге немесе кәмелетке толмағандарды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алууды ресімдеуге жәрдемдеседі;

139) арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды дайындауға қатысады;

140) кәмелетке толмағандардың қадағалаусызы, панасыз қалуы, құқық бұзушылықтары туралы және қоғамға жат іс-әрекеттері, оған итермелейтін себептер мен жағдайлар туралы мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді;

141) кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа заңды өкілдерін құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына жәрдемдеседі;

142) он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстайды.

Қылмыстық жауаптылық туындастының жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайдын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды қүшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі;

143) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайдын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастыруши адамдардың қамқорлығының қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізеді;

144) сотталғандарға қатысты сот үкімдерін, қаулыларын және ұйғарымдарын орындаиды;

145) соттардың үкімдеріне, қаулыларына және ұйғарымдарына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандардың орналасуын ұйымдастырады;

146) қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерін қорғауды, олардағы шұғыл жағдайды бақылауды, қызметшілердің, құдіктілердің, сезіктілердің және сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, оларды айдан жүруді жүзеге асырады;

147) сотталғандарға түзету ықпалын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдана отырып жүзеге асыруды ұйымдастырады;

148) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарындағы құқықтары мен заңды мұдделерінің бұзылуы туралы арыздарын қарауды, оларды есепке алу мен тіркеуді жүзеге асырады;

149) сотталғандарды босатуға дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, рақымшылық және кешірім жасау актілерін орындаиды, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен сотталғандарды түзеудің нәтижелерін бекітіп береді, оларды еңбекке және түрмиста орналастыру жөніндегі өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

150) сотталғандарды жұмыспен қамтуды ұйымдастырады;

151) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді;

152) қызметшілердің кәсіби даярлығын, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;

153) сезіктілер мен айыпталушыларды қарап-ұстауды жүзеге асырады;

154) қылмыстық-атқару жүйесін дамыту, нығайту мен жетілдіру бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады;

155) сотталғандардың жалпы білім алуды мен көсіби окуын ұйымдастырады;

156) қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне тартады;

157) Қазақстан Республикасының заңнамасын қылмыстық-атқару қызметі саласында қолдану практикасын талдау мен қорытады және оны жетілдіреді, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізеді;

158) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.";

осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелерінің және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесімен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

Мемлекеттік мекемелер деген 1-бөлімнің орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, мемлекеттік тілдегі реттік нөмірлері 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 61, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79 жолдар өзгеріссіз қалдырылады.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.27 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

2-бөлімде:

3-бағанда:

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:" деген жолдағы "106307" сандар "125340" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:" деген жолдағы "43011" сандар "59906" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы 467" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің академиясы 255";

"Ақтөбе заң институты 215" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Павлодар заң колледжі 185";

"Оқу орталығы (Алматы қаласы) 80" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Оқу орталығы 35";

"Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы 43" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Түзеу мекемелері 12496";

"Тергеу изоляторлары 3924";

11-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, оның 4542 аумақтық органдарын және оған ведомствоның бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне 710 ведомствоның бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:

Сот сараптамасы орталығы 609

Қазақстан Республикасы Заң шығару институты 101".

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданыска енгізіледі).

9. "Респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру үйымдарында (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің білім беру үйымдарында мамандар даярлауды қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2011/2012 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 232 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру үйымдарында (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің білім беру үйымдарында мамандар даярлауды қоспағанда) мамандар даярлауға 2011/2012 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орындарында жоғары білімі бар мамандар даярлауға 2011/2012 оқу

жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы" деген бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орындарында жоғары білімі бар мамандар даярлауға 2011/2012 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы";

"Магистратураға қабылдау" деген бөлімде:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің академиясы" деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің академиясы".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК